

қорғау барысында топтар бір-біріне сұрақ-жауап арқылы кеңінен талқылап отырады. Топтық оқыту технологиясына сыныпты топқа бөлуге болатын дәстүрлі емес сабақтардың түрі де жатады. Мысалы, конференция сабақ, саяхат сабақ, жәрмеңке сабақ, географиялық футбол, біріккен сабақ.[4]

Қорыта келе, топтық әдіспен өткізілген сабақ нәтижелі болу үшін мұғалім сыныпты өте жақсы білу керек (тек білім деңгейін ғана емес, сонымен қатар ұжымда қалыптасқан жеке тұлғалық қарым- қатынасты)..

Топтық жұмыста оқушылар өзін-өзі және өзгені бағалауды үйренеді. Топтық жұмыс барысында оқушылардың өзгеруін аңғаруға болады. Бұл жоба оқушылардың сабаққа белсене қатысуына мүмкіндік береді. Тұйық балалар ашылады, өз ойларымен еркін бөліседі. Әр оқушының топ ішінде міндеті болады, соған байланысты оқушы жауапкершілікке үйренеді. Топпен жұмыс барысында түгел оқушылар қамтылады. Оқушылар жүйелі сөйлеуге, ойын ашық жеткізе білуге, талдау жасауға, еркіндікке үйренеді.

Топтағы жұмыс балаға тек оқуға ғана емес, сонымен бірге өзін көрсетуге көмектеседі, өйткені топта мұғалімнің басты беделі және барлық сыныптың назары жоқ. Өзара сыйластық тәрбиеленеді. Барлығына деген қатынас өзгереді, достық нығаяды, тұлғааралық қарым-қатынас жақсарады, ұжымдағы психологиялық жайлылық орнайды.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. //Егемен Қазақстан.14 желтоқсан 2010.
2. Иваненко А.М. Современный урок. – М.: Прогресс, 2005. – 256 б
3. «Топтық әрекетте диалогтік оқыту әдісін қолданудың тиімділігі» Әдістемелік құрал, Көкшетау, 2014 ж. Самуратова Р.Т. Деңгейлік бағдарламалар орталығының тренері
4. «География және табиғат» журналы, Алматы,3/2010 жыл
5. «Использование групповых технологий на уроках географии, как средство повышения познавательной активности» мақала; Россия,Московская область,Волоколамский район,д.Кашино МОУ "Кашинская основная общеобразовательная школа, Учитель Глазова Алина Александровна.

*Ахметова Э.Б.<sup>1</sup>, Есмуратов Е. А.<sup>2</sup>*

1. *Ғылыми жетекшісі, география магистрі, аға оқытушы,*
2. *Студент 4 курста, Жаратылыстану ғылымдары кафедрасы, мамандықтың «География»*

### **ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫН ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

Қазіргі уақытта «педагогикалық технология» оқытушының практикалық қызметіне іске асатын моделі. Қазір дүние жүзінде оқытудың тиімді жолдары

мен жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру жүріп жатыр. Солардың бірі үздіксіз географиялық білім беру, оның алдына қойған негізгі мақсаты:

Біріншіден, адамдардың өмірінің әр түрлі кезеңдерінде үздіксіз білім алуға жағдай жасау;

Екіншіден, адамдардың өз бетінше білім жинақтауға шығармашылықпен қызмет етіп, тез өзгергіш өмірге бейімделуіне жағдай жасау;

Үшіншіден, оқушылардың жаңалықтарды тез қабылдауын қалаптастыру. Жаңалықтарды өмірде қолдана білуге үйрету.

Жалпы білім беру жүйесіне енгізілген жаңалыққа оқушылардың білімін тексеруде:

-топпен жұмыс істеуді ұйымдастыру

-оқушының өзін-өзі тексеруі

— оқушылардың бірін-бірі тексеруі

— оқытудың модельді жүйесі

— дарынды балалармен жұмыс істеудің жаңаша әдіс-тәсілдерін қолдану жатады

География сабағына қажетті көрнекілік, жаңаны тану ретінде де, ой немесе әңгімені елестету үшін де, аңғарымдылығын дамыту үшін де, материалды еске сақтау үшін де қолданылады. Көрнекілік құралдар оқу үрдісінің барлық кезеңдерінде қолданылады: жаңа білімді хабарлаған кезде, кейде мұғалім жаңа білімді хабарлауы орнына (мысалы, кинофильмді көрсету, тәжірибе жасау); білімді орнықтыру және іскерлік пен дағдыны қалыптастыру кезінде үйге берілген тапсырмаларды орындаған кезде сызбаларды сызу, кестелерді жасау, суреттемелерді орындау және т.б.; меңгеруді бақылаған кезде (мысалы, карта, кесте бойынша айтып беру, аспаптар құрлысын түсіндіру). Көрнекілік оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып пайдаланылады.

Оқу процесінде қолданылатын ең тиімді технологиялардың бірі – оқу жүйесі арқылы іске асатын педагогикалық технологиялар болып табылады. Бұл жағдайда оқу процесін ұйымдастырудың негізгі формасы – сабақ өзгереді. Сабақтың басты мақсаты – ұстаз оқушыларға білім беру керек болатын, ал мұнда оқушыларды өздігінен шығармашылық жұмыс істеуге жүйелі түрде баулу болады.

Көрнекілік дидактикалық тәсіл болып табылады. Көрнекі құралдар білім берудің ерекше құралы бола отырып, оқушылардың білімділік қасиеттерін – ойлау, сөйлеу, түсіндіре білу, баяндай алу амалдарын үйренуін қалыптастырады. Картаны, оларды оқу үрдісіндегі рөлі бойынша жіктеу: қабырға, үстелге жайылатын, мәтінде берілген және оқулыққа қосымша берілген карталар; олардың мазмұны мен пайдалану ерекшеліктері. Географиялық карталарды оқып үйрену мақсаты және олармен мектеп географиясы курстарында жүргізілген жұмыстар. “Картаны түсіну”, “оқу”, “білу” ұғымдарының мазмұны.

География пәнінде ең басты көрнекілік құрал – карта. Картаның түрлері: тақта картасы, үстел үстіндегі оқулық картасы, кескін картасы. Географияны оқыту әдістемесінде карталармен жұмыс әстеуде үш мақсат қойылады: картаны

түсіну, картаны оқу, картаны білу. Географиялық карталардың атқаратын рөлі. Глобус – Жердің моделі. Картаның мазмұны және картаны түсінуді оқытудағы негізгі әдістер. Картографиялық ұғымдар жүйесі. Картаны оқуға үйрету әдістері. Басты картографиялық іскерліктер және олардың физикалық және экономикалық география курстары бойынша айырмашылығы. Картаны білуді қамтамасыз ететін оқыту әдістері. Географиядағы ішінара іздену және зерттеу әдістері мен проблемалы оқыту құрамында картамен жүргізілетін жұмыстар.

Географиялық оқулықтар, олардың атқаратын қызметі. Оқулық, оқу құралы және онымен жұмыс істеу әдістемесі. Оқулықтың ғылыми мазмұны мен әдістемелік аппараттың сипаты. Мәтіннің құрылымдық компоненттері. Оқулықтың мәтін және мәтіннен тыс компоненттерімен жүргізілетін негізгі әдістер. Физикалық, экономикалық географиялардың мазмұнын және оқушылардың жас ерекшелігін ескеріп оқытудың әр сатысында мәтінмен жұмыс істеу әдістерінің өзгеруі. Оқушылардың оқулықты пайдалануында шығармашылық сипаттың күшеюі. Оқулықпен жүргізілетін жұмыстарға қойылатын жалпы әдістемелік талаптар. Көрнекілік түрлері: суретті көрнекілік (бейнесурет, картина, диафильм, слайд); Дыбыстық көрнекіліктер (күйтабақтар, ұнтаспаға жазылған материалдар); Символдық және графикалық көрнекіліктер: (карта, жоспар, сызба, диаграмма);

Физикалық және экономикалық география курстарындағы статистикалық көрсеткіштердің маңызы және олармен оқыту үрдісінде жүргізілетін жұмыстар. Берілу тәсіліне байланысты мектеп географиясында статистикалық мәліметтердің негізгі топтары. Жеке (топтастырылмаған) көрсеткіштермен жұмыс жүргізу әдістері. Графиктер, программалар және статистикалық кестелердің танымдық мүмкіндіктері, оларды оқу әдістері. Сандық материалдардың ерекшеліктерін ескеріп графиктер, диаграммалар және статистикалық кестелерді оқытудың мазмұны және жүйелігі. Қазақстан экономикалық және әлеуметтік географиясы курсынадағы экономикалық есептер және олардың мақсаты.[1].

География сабақтарында қолданылатын интербелсенді және аудиовизуальды оқыту құралдарының өңірлік маңызы бар нақты материалдарды компьютердің көмегімен оқушылардың өз беттерімен оқып-үйрену барысында, табиғат пен адам қоғамының даму заңдылықтарын көрсетуді талап ететін жаңа білімді меңгерту және өткен материалдарды бекіту кезеңдерінде қолданады. Мұндай сабақтарда жеке компьютерде оқушылар бағдарламалық сарамандық жұмыстарды орындайды.

География сабақтарында компьютерді қолданудың әртүрлі астарын қарастыратын болсақ, Microsoft Office Power Point бағдарламасымен құрылған компьютерлік дәріс сабағы – бұл өзара байланысқан экранда немесе мониторда көрсетілетін ақпараттық нысан. Компьютерлік дәрістің негізгі мақсаты – жаңа оқу материалын түсіндіру. Дәстүрлі дәрістен айырмашылығы көптеген иллюстрациялық материалдарды тарту мүмкіндіктері зор болады. Сондықтан компьютерлік сабақтарды мұғалім жұмысындағы көрнекі құралдармен,

ақпараттық деректермен көптеп қамтамасыз ететін білім берудің жаңа тетіктерінің бірі ретінде қарастыруға болады [2][3].

Сабақта интербелсенді тақтаны немесе проекторды қолданып сандық деректердің негізінде диаграммалар мен кестелерді құру оқушылармен бірлесе отырып деректерге талдау жасау жаңа тақырыпты түсіндіру барысында негізгі түсініктерді терең меңгертуге, қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда графиктер мен диаграммалар көрнекі құрал ғана емес, географиялық білім көзі қызметін атқарады [4].

Географиялық құбылыстар мен үрдістерді ашып көрсететін бейнероликтер мен анимацияларды ғылыми деректер мен дәйектерге негізделіп құрылған нақтылы бір оқиғаның шынайы үлгісі ретінде қарастыруға болады. Бейнероликтер жинақталған жекелеген карталар жер қабығында жүретін үрдістер мен құбылыстар туралы жан-жақты түсінік беретін бейнелі үлгісі болып табылады. Кез келген үлгілер сияқты бейнероликтер мен анимациялар оқылатын нысанға тән маңызын айқындайтын тек негізгі элементтерін ашып көрсете алады.

Интербелсенді карталар географияны оқыту құралдарының жаңа түрлерінің бірі болып табылады. Интербелсенді карталар жер бетін белгілі бір масштабпен кішірейтілген, оқуға қолайлы шартты белгілері, градус торлары бар мазмұнын өзгерте алатын геоақпараттық жүйелерге жақындатылған барлық географиялық карталарға тән қасиеттер сақталған маңызды оқу құралы болып табылады.

Қазіргі кезде компьютерлік технологияларды география пәнін оқыту барысында қолданудың бірқатар артықшылықтары бар. Жаңа компьютерлік технологияларды оқу үрдісінде кеңінен пайдалануға көшу білімді терең әрі жан-жақты меңгертуге, оқытудың мазмұнына және пәнаралық байланысқа, оқытудың қызметі мен жұмыстарын ұйымдастыруға, география пәні мұғалімін компьютермен жұмыс істеу әдістерін үйрету қазіргі кезеңдегі оқытудың ең маңызды міндеттерінің бірі болып отыр [5].

Географияны оқыту барысында тақырыпты меңгеру деңгейі мына жағдайларда жоғарлайды:

- ойындар өткізу әдістемесінің теориялық негізін жасауда география курсының сызықтық-сатылық логикасы ескеріледі;
- ойындар мектеп курсындағы негізгі экономикалық және экономикалық-географиялық түсініктерді Ашу және қалыптастыру үшін өткізіледі;
- ойынды өткізу процесінде оқушылардың танымдық және шығармашылық белсенділігін арттыратын әдістер мен құралдар қолданылады;
- берілген иммитациялық ситуацияда шешем қабылдау ұстанымдары ашылады.

Қазіргі таңда география пәнінің заманауи жүргізілетін сабағын оқыту құралдарынсыз елестету мүмкін емес. География пәні секілді ешқандай пән оқыту құралдары мен қызықты тапсырмалар жинағын өте қажет етпейді, география пәні секілді сабақ беруде көрнекілік құралдарды қолдана бермейді. Сондықтан, әрбір география пәнінің мұғалімі, оқыту құралдарының

маңыздылығын, олардың алуан түрлілігін, сабақтағы қолдану әдістемесін түсінуі қажет.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. <http://1referat.kz/>
2. Р.Х.Хабибуллин. Новые технологии ИМАХ в обучении географии. «География в школе», №4, 2003.
3. Н.Н.Скатова, Е.А.Попова. Современные педагогические технологии: групповая технология на уроках географии. «География в школе», №8, 2000.
4. Е.Токпанов, А.Исабаев. Компьютерлік технологияларды оқу үрдісінде пайдалану. «География және табиғат», №1, .
5. <http://zkoipk.kz/>

#### **Омарова К.И.<sup>1</sup>, Ищанова М.Т.<sup>2</sup>**

1. *Научный руководитель, магистр географии, старший преподаватель*
2. *Студент 4 курса, кафедры Естественных наук, специальность «География»*

#### **АНАЛИЗ ИЗМЕНЕНИЯ ЭТНИЧЕСКОГО СОСТАВА КОСТАНАЙКОЙ ОБЛАСТИ ЗА ПЕРИОД 2005-2015 ГОДЫ**

На сегодняшний день численность населения Костанайской области составляет 882, 9 тыс. человек. (2015г.) Население на 1 марта 2016 года: 883 919 чел.

На территории области проживает более ста национальностей и народностей.

Этнический состав (на 01.01.2016 г.): казахи39,2%; русские 41,8%; украинцы 8,7%; немцы3,2%; другие7,1%.

Плотность населения – 4,5 человека на один квадратный километр. Наиболее плотно населены города Костанай, Рудный и Лисаковск, наименее - южные районы области, плотность в которых составляет от 0,4 до 0,8 человека на один квадратный км.[7]

**Численность населения Костанайской области по отдельным этносам за 2015 год (тыс. человек)**